

Е. Қартабаева , **Н. Нұртазина** , **М. Касимбекова*** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

ҚАЗАҚ МҰСЫЛМАНДЫҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ӘУЛИЕ-ИШАҢДАР (Тараз және Жетісу өңірлері бойынша этнографиялық материалдар негізінде)

Мақалада 2023 жылы Қазақстан өңірлері бойынша жиналған ауызша тарихи мәліметтер мен этнографиялық материалдар негізінде қазақ мәдениетіндегі әулие-ишандардың орны мен қызметі зерттеледі. «Әулиелік культі» құбылысы дінтанушылық тұрғыдан сарапталады. Зерттеуде қазақ мұсылмандық танымның дербестігі және ондағы әулиелік культі, әдет-ғұрпы, сопылық түсініктерді жалпы Ясауи мәдениеті ретінде түсіну қарастырылады. Мысал ретінде ауызша материалдар қазақтардың ұлттық жадында әулиеге деген құрметтің, сенімнің үлкен рөл атқаратындығын көрсетеді. Қазақ діни танымында мұсылмандық пен «әулие культі» өзара қайшылықсыз ұштасқан. Сонымен қатар «зиарат», «халық емшілігі» тәрізді дәстүрлердің қайта жанданып жатқандығын көруге болады. Зерттеуде сопылық өкілдері Абдолла ишан, Қожағаппар әулие, Қарамолда, Көден-Жалаңаш әулие және т.б. діни тұлғалар туралы естеліктер негізгі аспекті ретінде қаралды. Бұл сараптамалық тұрғыдан халық агиологиясын, дін психологиясын, Қазақстанның әр аймақтарындағы діни тұлғалар туралы «діни сана» мен «діни тәжірибе» сабақтастығын нақтылауға көмектеседі. Қазақ діни танымының тағы бір ерекшелігі ретінде көптеген батырлар мен билердің де уақыт өте келе «әулиелер» санатында дәріптелуі жатады. Оған мысал ретінде мақалада Жетісу өңірінде өмір сүрген Әлмерек абыз, Ескелді би мен Балпық би сияқты тұлғалардың естеліктерін көрсетуге болады.

Түйін сөздер: ауызша тарих, этнография, сопылық, әулиелер, қазақ дәстүрі, аймақтар, киелі орындар, рухани тәжірибелер.

E. Kartabayeva, N. Nurtazina, M. Kasimbekova*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

Ishans as “Aulie” in the Kazakh Muslim Tradition (An Ethnographic Study Based on Materials from Taraz and Semirechye)

This article delves into the manifestation of the tradition of venerating “auliye” saints in the Kazakh tradition, drawing on information sourced from Oral history and original ethnographic materials gathered in 2023 from various regions of Kazakhstan. The study explores the religious discourse surrounding the “cult of saints” and is underpinned by the thesis emphasizing the self-sufficiency of the Kazakh Muslim tradition. It interprets the custom of venerating saints (tagzym) as an integral element of Sufism and the Yasawi legacy. Utilizing interview materials as illustrative examples, the author illuminates the significant role of “auliye” in cultural memory, the symbiosis of Islam and “auliye” in the collective consciousness, and the perpetuation and resurgence of traditions related to ziarat and traditional medicine. Narratives featuring Sufi figures such as Abdullah Ishan, Kozhagapar aulie, Karamolda, Koden-Zhalanash aulie, and others contribute to elucidating the biographies of religious personalities, folk hagiology, the psychology of religion, and issues pertaining to the continuity and preservation of historical memory associated with spiritual figures across different regions of Kazakhstan. A distinctive aspect of the Kazakh religious tradition lies in the veneration of numerous batyrs and biys (heroes and speakers) as saints, exemplified by figures like Almerек Abyz, Eskeldy-biy, and Balpyk-biy, who resided in Semirechye.

Key words: oral history, ethnography, Sufism, saints, Kazakh tradition, regions, holy places, spiritual practices.

Е. Картабаева, Н. Нуртазина, М. Касимбекова*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

**Ишаны-«аулие» в казахской мусульманской традиции
(на основе этнографических материалов Тараза и Семиречья)**

В статье изучается отражение обычая почитания святых-«аулие» в казахской традиции на основе сведений устной истории и авторских этнографических материалов, собранных в 2023 г. в регионах Казахстана. Затронут религиозный дискурс в аспекте «культы святых». В основу исследования положен тезис о самостоятельности казахской мусульманской традиции и понимание почитания святых (тағзым) как элемента суфизма и наследия Йасауи. Взятые для примера материалы интервью показывают большую роль в культурной памяти казахов народной веры в святых, непротиворечивость в их сознании мусульманства и культа «аулие», также сохранение и возрождение традиции «зиарата», народной медицины. Рассказы о таких представителях суфизма, как Абдулла ишан, Кожагапар аулие, Карамолда, Коден-Жаланаш аулие и др. помогают уточнить биографии религиозных персоналий, народную агиологию, психологию религии, вопросы преемственности и сохранения исторической памяти о духовных личностях, живших в разных регионах Казахстана. Особенностью казахской религиозной традиции является то, что в ней почитаются святыми также многие батыры, биі, как, например, жившие в Семиречье Алмерек абыз, Ескелды-бий и Балпык-бий.

Ключевые слова: устная история, этнография, суфизм, святые, казахская традиция, регионы, сакральные места, духовные практики.

Кіріспе

Кез-келген қоғамның сипаты оның рухани ахуалымен анықталатыны белгілі. Расында, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулардың табысты болуын көп жағдайда, сол қоғамды құратын жекелеген адамдардың рухани даму деңгейі анықтайды (Омаргазин, 2006: 4). Қазіргі ХХІ ғасыр жағдайында адам баласы руханиятқа ден қоймайтын болса, болашағы тіпті де бұлыңғыр болмақ. ХХ ғ. француз философы әрі мемлекет қайраткері А. Мальроның «ХХІ ғасыр руханият ғасыры болады, әйтпесе ол мүлде болмайды» деген сөзі жоғарыдағы тұжырымды айғақтай түседі. Осы орайда, соңғы жылдары Қазақстан қоғамында орын алып жатқан қиындықтар, саяси-әлеуметтік саладағы дағдарыстар біздің қоғамның да рухани жағынан оянуға, серпілуге деген қажеттілігін көрсетіп тұрғандай. Ал біздің ұлттық рухани дәстүрлеріміз ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген мәңгі өлмес құндылықтарымыздан бастау алады.

Осындай асыл дәстүрлеріміздің бірі де – әулиелерді қастерлеу ғұрпы. Алайда, осы киелі ғұрпымызға қатысты соңғы уақытта қоғамда әртүрлі кереғар пікірлер орын алуда (көбінесе сырттан келген діни ағымдардың ықпалымен). Мұндай жағдайдың орын алуына еліміздің 70 жылдық кеңестік атеистік идеологияның ықпалы себеп болды. Атеистік саясат арқылы діни таным мен діни тәжірибемізден ажы-

рап қалдық. Оған қоса, тәуелсіздігімізді алған алғашқы жылдары, діни санамызды қайта жаңғыртуға талпынған кезімізде, сырттан және іштен шыққан «дін үйретушілер» дәстүрлі діни түсінігімізге қайшы келетін сенім негіздерімен жастарымыздың санасын улап үлгерді. Міне, осындай жағдайда, ұлттық діни танымымызды, ондағы аруақты құрметтеу, әулиелерге тағзым ету, рухтың орны мен маңызы туралы ғылыми негізде сараптамалық талдау жасау оны халыққа қайта ұсыну аса өзекті мәселе екендігі анық.

Бұл мәселе төңірегінде өлкетанулық және академиялық зерттелу деңгейі жағынан отандық және шетелдік ғылымда біршама ізденістер жүргізілді. Жалпы, исламдағы әулие құбылысы мәселесін зерттеу ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастау алады. Венгр ғалымы И. Гольдциердің «Исламдағы әулиелік культі» (Гольдциер, 1938) еңбегі орыс тілінде жарық көрді. Бұл сол кездегі кеңестік ғылымға да аталмыш мәселеге ден қоюға ықпал етті. Атап айтқанда, кеңес зерттеушілері В.Н. Басилов, С.М. Демидов, О.А. Сухарева, О. Дастанов сияқты ғалымдар исламдағы әулиелік жайлы тарихи-этнографиялық еңбектерін жариялады. Аталмыш зерттеулерде әулиелік діни культ ретінде қарастырылды және ол, негізінен алғанда, шығыс халықтарының исламға дейінгі наным-сенімдерінің қалдығы деп бағаланды (Басилов, 1970). Зерттеушілердің мұндай баға беруіне сол кезеңнің идеологиясы ықпал еткен тәрізді: Кеңес мемлекетінде ислам тари-

хын, соның ішінде Ясауи мұрасын зерттеуге тиым салынғандықтан, көпшілік ғалымдар әулиелік құбылысын исламға дейінгі наным-сенімдердің қалдықтары деп жариялай отырып қана, мәселені зерттеуге мүмкіндік алды. Жалпы алғанда, бұл тақырыпқа іс жүзінде табу (тыйым) салынып келді.

1990-шы жылдардан бастап посткеңестік кеңістік елдерінде аталмыш тақырыпқа қызығушылық артты. Әулиелік мәселесіне қатысты фольклор материалдарын, алуан түрлі деректерді ғылыми айналымға енгізіліп, мәселені жаңа қырынан ашуға тырысқан бірқатар еңбектер жарыққа шықты (Мустафина, 1992; Бобровников, 1999; Абашин, 2003; Абашин, 2008; Қондыбай 2007, Мұсабаева, 2012; Панков, 2018; т.б.). Сол сияқты діни тұлғалар, ишандар тарихын зерттеу мәселесі де қолға алынды. Мәшхүр-Жүсіп Көпей-ұлы, Бекет Мырзағұл-ұлы сынды ірі діни қайраткерлердің жазба және ауызша жеткен мұралары зерттелді. Марал ишан, Досжан ишан, Айқожа ишан, т.б. сопылық жолын ұстанған қазақ ишандарына ғылыми конференциялар арналып, әсіресе аңыз-әфсана, шежірелік материалдар жинақтала бастады.

Отандық ғылымда соңғы уақытта аталмыш тақырып төңірегіндегі ізденістер жандана түсті, бұған елімізде алдымен қазақ халқының әулиелер сұлтаны саналатын Ясауи тұлғасына зор қызығушылығы мен құрметі оянуы ықпал етті. Жалпы, түркілер арасында исламның таралуы тарихына, Ясауи мұрасына арналған іргелі монографиялар жарық көрді. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында 2017 жылдан «Қасиетті Қазақстан» жобасының қабылдануы да аталмыш бағыттағы зерттеулерге серпін берген болатын. Жобада басты акцент сакралды тарихқа аударылуы тегін болмаса керек, бұл халқымыздың руханиятында киелілік, қасиеттілік ұғымдары және әулиені қастерлеу дәстүрі ерекше маңызға ие екендігін айғақтай түседі.

Осы мемлекеттік бағдарламаны іске асыру аясында әртүрлі сала мамандары жан-жақты зерттеулер жүргізіп, еңбектерін жариялады (Керімбай, 2017; Медеуова, 2017; Сакральные объекты Казахстана общенационального значения, 2017; Қожа, 2021). Сондай-ақ, еліміздің әртүрлі аймақтарында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, өлкетанушылардың да бірқатар еңбектері жарық көрді. Бұл жұмыстың ең басты нәтижесі көптомдық «Қасиетті Қазақстан» іргелі энциклопедиялық еңбегінің жарыққа шығуы болды. Сонымен қатар, өлкетанушылар,

этнографтар мен түркологтар Ясауи мұрасы мен бұрын тыйым салынған қожалар тақырыбын зерттеуді жалғастырды (Muminov, 2017; Жандарбек, 2022; Ибадуллаева, 2019; Маликов, 2014; Төреқожаев, 2006; Саттарұлы, 2007). Ясауи мен оның ізбасарларына қатысты «100 аңыз кітабы», әсіресе тақырыпқа тікелей қатысты Ш.Әшімұлының «Әзиз әулиелер» атты аса құнды кітабын ерекше көрсеткіміз келеді. Белгілі өлкетанушы 650-ден аса қазақ халқының жадында қалған, киелі географиямен байланысты әулиелерді «тарихи әфсана, аңыз» жанрында баяндайды (Әшімұлы, 2021). Абылай ханның пірі атанған Жалаңаяқ Әздер Әулие жайлы кітапты өлкетанушы Е.Оспанұлы жариялады (Оспанұлы, 2019).

Исламдағы әулиелік мәселесінің батыс тарихнамасында қарастырылуына келсек, сопылыққа, соның ішінде әулиелік феноменіне қатысты біржақты, стереотипті көзқарастар ХХ ғасырға дейін жалғасып келді. Тек ХХ ғ. бастап қана батыс зерттеушілерінің арасында бұл мәселені ғылыми, объективті негізде зерттеуге ұмтылыстар орын ала бастайды. Сопылық құбылысын қазіргі шығыстану ғылымында объективті талдаған Луи Массиньон, Рене Генон, Аннемари Шиммель, Александр Кныш және т.б. сияқты Батыстың исламтанушы ғалымдары болды (Massignon, 1922; Guénon, 1973; Schimmel, 1975; Knysh, 2017).

XXI ғасырдың ең басынан бастап сопылық пен әулиелікті зерттеу Батыс тарихнамасында қайта жанданды. Атап айтқанда, американдық зерттеуші Карл Эрнстің «Суфизм» атты монографиясының үлкен бір тарауы әулиелік мәселесіне арналды (Ernst, 2011). Исламдағы әулиелік мәселесін зерттеген келесі батыс зерттеушісі, Жозеф В. Мери Сирия жеріндегі ислам мен иудаизм діндеріндегі әулиелікті салыстыра зерттеді (Josef W. Meri, 2002). Исламдағы сопылықты тарихи тұрғыдан зерттеп жүрген ғалымдардың ішінде Дэвин Де Уисті атап көрсетуге болады. (Дэвин Де Уис, 2001; Devin DeWeese, 1994). Майкл Фришкопфтың еңбектерінде сопылықтағы әулиелердің өз емшілік практикасында музыканы пайдалануы талданады (Frishkopf, 2001). Әрине, тасавуф пен әулиелер тақырыбы бұрыннан Түркия ғалымдары назарында, соның ішінде Ясауи ілімі де кеңінен зерттеледі (Necdet Tosun, 2002; Necdet Tosun, 2015)

Міне, Орталық Азиядағы сопылық, ишандар мен әулиелер тарихын зерттеуде біршама тәжірибе жинақталған, ғылыми зер-

делеу жасалған. Алайда аталмыш проблема фактологиялық жағынан да, теориялық-методологиялық жағынан да толық зерделенуге тиіс. Әлі де зерттеушісін күтіп тұрған сакралды нысандардың ашылмаған сырлары, ғылыми айналымға енгізілмеген әулиелер туралы аңыз-әңгімелер жеткілікті. Сол сияқты аңыз-эфсаналар мазмұнында көптеген логикалық, хронологиялық, т.б. қайшылықтар ұшырасады. «Халықтың әулиелер туралы заманауи түсініктерін нақтылайтын этнографиялық материалдар да күтпеген жаңалықтар беруі мүмкін. Мұның бәрі қасиетті жерлерді толықтай және әулиелердің барлық қазір көзі тірі ұрпақтарын анықтауды, аңыздарды, шежірелерді, фотосуреттерді және т.б. жинауды қамтитын үздіксіз зерттеулерді талап етеді» (Абашин, 2003: 5-7).

Жалпы, Қазақстанның киелі тарихы бойынша осыған дейін жазылып келген еңбектер көбіне жалпылама баяндаулардан тұрады. Қазіргі шығыстанушылар мен этнографтар еңбектерінде негізінен деректер, кітаби мұра мен киелі кеңістік, зиярат орындары немесе ритуалдар жайында сөз болады. Алайда осының бәрінің артында тұрған ол адам, мифтік немесе діни Тұлға, Адамның өзі туралы сана феномендерін зерделеуге талпыныс әлсіз. Сондықтан бұл мақалада әулиелер тарихы абстрактілі-философиялық немесе этнографиялық және кітаби-дінтанушылық тұрғыдан ғана зерттелмеу керек деген тезисті алға тартамыз. Сонымен бірге мәселені исламға дейінгі шаманизмнің ролін алға тарта беретін кеңестік «әулиелер культінен» арылуға тиіспіз (оның орнына «қастерлеу, немесе тағзым» терминін көбірек қолдану абзал).

Мақаланың мақсаты қазақ мұсылмандық танымындағы әулие-ишандар маңызын ашуға талпыныс жасау; суфизм мен әулиені қастерлеудің генезисі және жалпы мазмұнымен байланыстыра отыра діни тұлғалардың халық жадында терең із қалдырғанын негіздеу. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – әулиелер мен ишандар мәселесі дәстүрлі ислам концептіне сай жаңа методология негізінде қарастырылуында жатыр. Сонымен бірге, Қазақстанның өңірлері бойынша жинақталған ауызша тарихи мәліметтер мен авторлық материалдар ғылыми айналымға енгізілді.

Материалдар мен әдістер

Сопы-әулиелерді қастерлеу дәстүрі «аймақтық ислам» (С. Прозоров, Абашин), «қазақтың мұсылмандық дәстүрі» (Д. Кен-

жетай, Н. Нұртазина, т.б.) тұжырымдары негізінде зерттеледі. Бұл ұстаным ислам діні әр түрлі аймақтарда таралғанда, сол аймақ халықтарының дәстүрлі мәдениетінің сан алуандығы негізінде аймақтық ерекшеліктерге ие болды және исламның жергілікті формалары өзара теңқұқылы деген ой-тұжырымға негізделеді. Халқымыздың рухани тарихында ерекше орын алатын Ясауиге, әулиелерге тағзым ету дәстүрі осы аймақтық исламға тән сипатты ерекшелік ретінде қарастырылады.

Сонымен бірге, әулиелік құбылысын тереңірек ашу үшін мәселені пәнаралық негізде, атап айтқанда, философия, психология, тіпті жаратылыстану ғылымдарында қалыптасқан ең соңғы теориялар негізінде талдауға тырыстық. Соның ішінде, біз үшін «сананың интегралды теориясы» қызығушылық туғызды. (Уилбер, 2004). Интегралды әдіс негізінде зерттеу, көкірек көзі оянған ежелгі данагөйлердің ұлы рухани дәстүрлерін де, сондай-ақ постмодерн, яғни ең соңғы философиялық және психологиялық ілімдерді де қамтиды. Жалпы, суфизмнің ішкі тәжірибелерін, алыс шетелде «трансперсоналды психология» аясында да түсіндіру үрдісі бар (С.Гроф, А. Маслоу және т.б.), себебі болашақта мұсылман әулиесінің (кемел адам тұлғасы) рухани тәжірибелерін заманауи психологиядағы «психиканың жаңа картографиясы» тұрғысынан, сондай-ақ «санаға квант тұрғысынан қарау» ұстанымы да тереңірек түсінуге көмектеседі.

Мақаланың деректік негізін ауызша тарихи («айтылған тарих») материалдар, авторлардың Тараз, Жетісу өңірлерінде жинаған этнографиялық деректері құрайды. Соның ішінде негізгі дереккөздер ретінде аталмыш өңірлерден шыққан әулиелердің ұрпақтарынан, ауызша сұхбат барысында алынған мәліметтер (информанттар тізімі әдебиеттер соңында берілді), сондай-ақ әулиелердің ұрпақтары, замандастары мен жерлестерінің олар туралы жазған еңбектері (Жалалқызы, 2005; Исмаилов, 2006; Исмаилов, 2007; Тарихи тұлғалар, 2011; Тоқтарбай, 2020) мен баспасөз беттерінде жариялаған мақалалары («Қазақ елі» Республикалық газеті, 19 қыркүйек 1997 ж.; «Кәсіподақ жаршысы» Жамбыл облыстық кәсіподақ газеті. 25 желтоқсан 2008 ж.; «Жетісу» Талдықорған облыстық газетінің 2006, 2007, 2008 жж. әр түрлі сандары) таңдалып алынды. Этнографиялық зерттеу барысында әулиелердің шежірелері, олардың өз практикаларында қолданған құралдары: қобыз, ертұрман, тәспі және т.б. материалдардың фото-көшірмелері алынып, оларға тиісті ғылыми тал-

дау жасалды (мақала көлемінің шектеулілігіне байланысты материалдардың тек белгілі бір бөлігін ғана бөлістік).

Мақала жазуда жалпы-ғылыми зерттеу әдістерінен, анализ және синтез, индукция және дедукция, жалпы логикалық әдістер, сонымен бірге деректерді ғылыми тұрғыдан сараптауда тарихи-салыстырмалы әдісі, контент-анализ, феноменологиялық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тараз өңірінің қасиетті тұлғалары. Киелі Тараз өңірі ежелден әулиелерге кенде болмаған. Ислам дінінің келуімен бұл аймақ, тіпті де әулиелер мекеніне айналды. Жалпы, ислам діні бұл аймаққа ертерек тарағаны және оның осы аймақтағы Талас өзені бойында өткен атақты Талас шайқасынан (751) кейін-ақ біртіндеп тарай бастағандығы ислам тарихына қатысты зерттеулерде нақты анықталған. Сондай-ақ ежелгі Тараз қаласы орта ғасырларда «Әулие-ата» деп атала бастайды. Оның себебі, аймақта халық әулие деп таныған, қастерлеген, атақты Қарахандар әулетінен шыққан Шах-Махмуд Бұғрахан билік жүргізеді. Көне шежірелерде Қарахан атаның есімі Әбдрахым баб, ол Ысқақ бабтың әкесі деп те беріледі (Әшімұлы, 2021: 26). XIX ғасырдың екінші жартысында Тараз өңірі Түркістан генерал-губернаторлығы құрамында болды (Сырдария облысы, Әулие-Ата уезі). Отарлық дәуірде патша өкіметі ишандардың рухани қызметіне бақылау орнатып, сопылық практикалар империя идеологиясына қайшы деп танылды (ӨҰА, 461-к, 1-т., 1406-іс, 103-п). XIX ғ.-XX ғ. бас кезінде Түркістан өлкесіне әйгілі бұхарлық, ташкенттік ишан-әулиелер туралы архив құжаттарында құнды мәліметтер кездеседі. Ишандардың ізбасар-мүридтерінің саны екі мыңға жеткені айтылады (ӨҰА, 786-к, 1-т., 2-іс, 5-п). Қазақтар арасында Ет-жемес ишан (Ет-йимас ишан), Қажы Убайдола хан ишан, Ахмет Кальпе, ишан Қожамберды-ахун сияқты діни қайраткерлер үгіт-насихат жүргізді. Әулие-Ата қаласынан жәрия зікір дәстүрін жалғастырушы Молла Тәжіхан Ишан қажы Шах-Ахмат Мақсым зор құрметке ие болды.

Жалпы, Тараз өңірі бойынша халық арасында ерекше беделге ие болған әулиелер қатарында Абдолла ишан, Есепші ата, Қарақожа әулие, Қарахан баба, Тектұрмас әулие және т.б. бар. Көріп отырғанымыздай, Тараз өңіріндегі әулиелер тізбегі ислам таралған дәуірмен ғана

шектелмейді. Ол жаңа заман арқылы жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр (мысалы, Батыс Қазақстан өңірінің қазіргі әулиелері туралы Ресей зерттеушісі Е.И. Ларина арнайы зерттеген: Ларина, 2016). Тіпті «жауыққан атеизм» үстемдік құрған Кеңес кезеңінің өзінде де әулиелерге деген халықтың ыстық ықыласы, ерекше құрметі жойылмағандығын сол дәуірден жеткен деректер, этнографиялық материалдар және «ауызша тарих» әдісімен жинақтаған материалдар айқын көрсетеді.

Мақала жазу барысында осындай әулиелердің қатарында ең алдымен, Жамбыл облысы Талас ауданы Үшарал ауылында салдырған мешіті бізге дейін сақталып жеткен Абдолла ишан жайында кең зерттеу жұмысы жүргізілді. Аталмыш өңірде халықтың рухани тәрбиесімен айналысқан, халық арасында ерекше беделге ие болып, «әулие» атанған тұлғаның тарихы отандық ғылымда іс жүзінде зерттелмеген. Ғылымдағы осы ақтаңдақ мәселе төңірегінде жүргізген зерттеуімізде әулиенің тікелей ұрпағы, өзіміздің замандасымыз Әмина Жалалқызымен сұхбат барысында алынған әулие туралы мәліметтер, сондай-ақ әйгілі діни тұлғаның бауыры – Қосымнан тараған ұрпақтардың бірі – Шаян ауылының тұрғыны Қосымов Әлімханмен ауызша сұхбат барысында алынған мәліметтер негізгі дерек көздері болды (АДМ, 2023). Сонымен бірге, Әмина Жалалқызының жоғарыда көрсетілген танымдық еңбегіндегі мәліметтер де кеңінен пайдаланылды (Жалалқызы, 2006.)

Зерттеу барысында, осы материалдарға сүйене отырып, Абдолла ишан әулиенің өмірі мен қызметіне жан-жақты талдау жасалды. Әмина Жалалқызымен сұхбат барысында алынған шежіре бойынша, қожалардың бұл әулеті Пайғамбардың өзінен бастау алатын сейіт қожаларға жататындығы анықталды. «Біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) 27-ші ұрпағынан тараймыз. Ал 27-ші ұрпағының аты Шах-Бүзірік қожа. Ол кісі Жаңақорған ауданындағы (Қызылорда облысы) көне Өзгент мекенінде дүниеге келген. Бағдат пен Мысырда білім алып, кейін Бұхара, Самарқандта ұстаздық еткендігін әкем марқұм жиі айтып отыратын. Шах-Бүзірік бабамызды жергілікті халық «Бұлт үстіндегі әулие» деп атаған екен. Өйткені ол кісінің бұлттарды бір жерден екінші жерге айдап, керек кезінде жаңбыр жауғызып отыратын қасиеті болған. Оның үстіне «Таң намазын бұлтқа мініп, ұшып барып, Меккеде оқып қайтады екен» деп те ел аңыз етіскен» (АДМ, 2023)..

Сонымен, Абдолла ишанның бабасы – Шаһ-Бүзіріктің 5 ұлы болыпты, соның бірі Тұрсынқожа, Тұрсынқожадан Бабақожа, Аппақ ишан (Қосымов Әлімхан берген әулет шежіресінде – Аппақ қожа), Мәдіқожа тарайды. Абдолла ишан Аппақ ишанның ұрпағы. Халық арасында Абдолла ишан деп аталып кеткен бұл кісінің әкесі қойған есімі Ғабдоллаһ болғандығы анықталды. Ғабдоллаһтың Саид Ахмет, Саид Мұхаммед деген екі ұлы болған екен. Бірақ халық ол кісілерге лақап ат беріп, Саид Ахмед – Қосым ишан, Саид Мұхаммед – Құлатай ишан атанып кетеді. Хиуа медресесін бітіріп келгеннен кейін, тариқат жолына түскен Қосым мен Құлатай ишандарды қазақтың Ыссық, Найман, Шал рулары елдеріне шақырып, өздеріне пір тұтады (халық арасында өте ерте қалыптасқан, қожалардан шыққан әулие-ишандарды қазақ руларының пір тұту дәстүрі туралы қараңыз: Қартабаева, 2020: 25).

«Ғабдоллаһ, Құлатай, Қосым аталарым шамамен 1840-1845 жылдары Меккеге қажылыққа барған. Халықтың айтуынша, аталарым сол қажылық сапарында қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Алғабас ауданындағы «Шаян» мешіті мен Жамбыл облысы Талас ауданындағы «Үшарал» мешітінің жобасын Шам қаласынан алып келген көрінеді. Құлатай мен Қосым Бұхара, Самарқанд қалаларында 8 жыл оқып, діни білім алып келе жатып, жолай Шаян қыстағына түнейді. Сол түні Қосым ишанның түсіне ақ сақалды қария кіріп: «Сен осында қал, саған ендігі дәм-түз осы жерден бұйырады», – дейді. Содан Қосым ишан Шаян өзенінің жағасында тұрақтап қалады. Қосым ишанның ұрпағы, Шаян ауылының тұрғыны Қосымов Әлімханның мәліметі бойынша, Қосым ишанның ұлы Сейдахмет ишан және оның ұлы, халық арасында «Аппақ ишан» атымен белгілі болған Мақсұм ишанмен бірге Шаян жерінде мешіт тұрғызып, медресе ашып, халық арасында ерекше ықыласқа бөленеді (АДМ, 2023). ХХ ғ. бірінші жартысында ОГПУ тарапынан репрессияға ұшырап, жазаға тартылған, қазіргі Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Шаян ауылында рухани ұстаздық еткен осы Аппақ ишан жайлы тарихшы М.Қ. Қойгелдиевтің іргелі еңбегінде арнайы зерттелген. Белгілі ғалым, кеңес билігінің ишандар қызметіне қауіппен қарап, оны «Алаш» қозғалысымен бірге, өзіне қарсылас күш деп бағалағанын, және аяусыз қуғын-сүргінге салғанын архив деректері негізінде жан-жақты ашады (Қойгелдиев, 2017: 461).

Қазақ қоғамында ишандар қызметінің шынында да аса маңызды болғандығын, Әмина Жалалқызының еңбегінде көрсетілген мына мәлімет те растайды: «Ел аузында қалған сөзге қарағанда, Шаян атауының өзі парсы тіліндегі «Екі шайық» деген сөзден, яғни осы екі білімдар шайқылардың келіп қонған жері деген ұғымнан шыққан екен» (Жалалқызы, 2005: 19). Қазіргі Түркістан облысы аудандарының бірі – Бәйдібек ауданының орталығы болып табылатын Шаян ауылының осы екі шайықтың құрметіне атауы ишандардың, яғни әулиелердің қазақ қоғамындағы орнын анықтауда маңызды факт болып табылады.

Жалалқызы Әмина мен Қосымов Әлімханнан алынған ақпараттардан, «Аппақ ишан» деп халық, өмірі мен діни қызметі отандық тарихнамада біраз зерттелген Сейдахметұлы Мақсұм ишанды ғана емес, сондай-ақ оның бабасын да атағаны жөнінде тың мәлімет алынды. Мұның өзі ишандар тарихының кейбір ақтаңдақ мәселелерінің айқындалуына, соның ішінде, мақала авторлары бірінің бұған дейінгі мақаласында жасалған гипотезаға, яғни «Аппақ ишан» атауымен бір ғана әулие аталмаған, бұл атау дінді ерекше тақуалықпен ұстанған, Алла жолында ерекше берілгендікпен көзге түсіп, халыққа риясыз рухани қызмет көрсеткен ишандарға қатысты қолданылған деген пікірін дәлелдеуде қосымша айғақ болады (Қартабаева, 2020: 27).

Сонымен, Ғабдоллаһтың екі ұлының бірі – Қосым Шаян жерінде қалса, екінші ұлы – Құлатай Жамбыл облысының Талас ауданындағы Үшарал ауылына қоныс тебеді. Құлатайдың бұл жерге келуі де аян арқылы анықталған екен, оның түсіне енген қария: Сен Әулиеатаға, Таразға барасың», – дейді (Карл Густав Юнг айтқандай, дүниені интуициялық таныммен қабылдайтын әулиелер үшін түс өңнен кем емес ақиқат болып табылады).

Әмина Жалалқызының ақпараты бойынша, Ғабдоллаһтан бата алған Қосым мен Құлатай Шаян мен Үшаралда мешіт салуды бір уақытта бастайды. Алайда, бұл мәселеге қатысты Қосымның ұрпақтары біраз өзгешелеу ақпарат береді. Дәлірек айтқанда, Қосымов Әлімханның көрсетуінше, Шаяндағы мешітті Қосым емес, оның ұлы Сейдахмет ишан бастап салып, оның ұлы – Мақсұм, яғни Аппақ ишан аяқтаған (АДМ, 2023). Бұл мақаланың зерттеу нысаны Оңтүстік Қазақстан емес, Тараз өңірі болғандықтан, Шаян мешітіне байланысты ақпараттардағы сәйкессіздікті анықтауды болашақ зерттеулерге қалдырамыз.

Үшаралдағы мешіт құрылысына Ғабдоллаһ ишанның өзі, кенже ұлы – Құлатайдың қолында тұрғандықтан, тікелей басшылық жасаған көрінеді, сондықтан да болар, Үшаралдағы мешітті халық Абдулла мешіті деп атап кетеді. Сұхбат берушілердің айтуынша, Ғабдоллаһ пен Құлатай ишандар бастап берген Үшаралдағы мешіттің құрылысы Құлатайдың ұлы Абдурахим тұсында ғана толық аяқталады. Мешіт енді салынып басталған кезде Ғабдоллаһ ишан, қасына Орынбай қалпені ертіп, кіші жүз бен орта жүз елдерін аралап, ол жақтан «үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе» айдап қайтқан көрінеді. Осы сапарда Ғабдоллаһ ишан, әулиеге тән кереметтердің бірін көрсетеді: «Суық күздің аяғы болса керек. Шудың бойына келсе, өзен суы тасып, толқындары тулап, ақ көбіктер атылып, арғы жағаға өтуге дес бермепті. Сонда Ғабдоллаһ ишан қасындағы Орынбайға: Ореке, бүгін осында түнейік. Амандық болса, ертең өтіп те кетерміз, елге де жетерміз дейді. Түнде олармен малды айдасып келе жатқан жігіттер ұйықтап қалады. Атам болса қасындағы қалпемен екеуі көз іле алмай таңға дейін құран оқып, тілек тілеп отырады. Жігіттер таңертең оянса, Шу өзенінің едәуір жеріне мұз қатып қалыпты. Мұны көрген жігіттер қатты қуанып, мұз үстіне құм сеуіп, малы да, өздері де аман-есен өтеді. Ишан атам дұға оқып, бата жасап, жолға енді шығайын деп тұрғанда, өзеннің арғы бетінен атын үстін-үстіне қамшылап, біреу шауып келе жатады. Ол жақындай бере: – Үш күннен бері өткел таба алмай жүр едім, тоқтай тұрыңыздаршы, – деп айғайлайды. Ишан сабыр етіп тобымен күтіп тұрады. Әлгі атты да өзеннен өтіп алады. Содан соң ғана Ғабдоллаһ ишан тағы да дұғасын оқып, Аллаға ризалығын білдіріп, батасын жасайды. Сол-ақ екен мұз қайтадан жарылып, сең жүріп кетеді» (АДМ, 2023). Әмина апайдың айтуынша, әулие аталары өмір сүріп, халықтың рухани тәрбиесімен айналысқан және мешіт салған Үшарал жері киелі жерге айналып, кеңес дәуірінде осы ауылдан 55 социалистік еңбек ері шыққан екен.

Әмина Жалалқызымен болған сұхбат барысында кеңес дәуірінде Тараз өңірінде халыққа діни-рухани салада қызмет көрсеткен ишандардың бірі – Зүннін қожа туралы да маңызды мәліметтер алынды. Зүннін (Зуфиддин) ишан Құлатай ұрпақтарының бірі – Қарақожаның ұлы. Қарақожа ишан «Қасиетті Қазақстан» кітабында «Қарақожа мешіті» атауымен енген Жамбыл облысы, Талас ауданы Ойық ауылында діни-рухани қызметпен айналысқан атақты

ишандардың бірі. Зүннін ишанның діни білімі өте жоғары болғандықтан Қазақстан ғана емес, Өзбекстан мен Қырғызстан мұсылмандарына да кеңінен танымал, өте қадірлі кісі болған көрінеді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары қазіргі Тараз қаласындағы орталық мешіттің бас имамы болған, және ол кісінің бойындағы көріпкелдік-әулиелік қасиеттері жайлы республикалық баспа беттерінде талай мәрте жазылған. «Зүннін ишан мен келін болып түскен үйдегі Тахир атамның туған ағасы болатын (қожаларда, арабтар сияқты үш атадан қыз алысу дәстүрі орныққан. – Мақала авт.). Олар төрт ағайынды болды. Төртеуі де ел арасында үлкен құрметке бөленіп өткен жандар, дін жолын, бабалар жолын таза тұтқан асыл аталарымыз еді» (АДМ, 2023).

Сұхбат барысында Әмина Жалалқызы жеткізген мына бір мәлімет біз үшін әсіресе маңызды болды: «Тараз қаласында Зүннін атамызбен іргелес тұрдық. Жаңадан түскен келінмін, өте жас кезім. Сол кездерде әлдеқалай үй арасында, немесе көшеде аталарым көріне қалса, бір нәрсені тасалап, тығылып қалатынымын, бәрінен ұяламын. Бірде иін ағашпен су алып келе жатсам, Зүннін атам алдымнан шыға келгені, сасқанымнан тұрып қалдым. Иығында асулы екі шелекпен қайда қашасың. Сонда әулие атам: – Балам, неге тұрып қалдың? Қане, өт шырағым жолдан, өте бер! Сен аға баласысың, Жолың менен үлкен. Қайта мен саған жол беруім керек деп, мені алдынан өткізіп: Бәрекелді! Енді бұдан былай мен келе жатсам, қайта алдымнан еркелеп өтіп кететін бол – дегені атамның. Мұндай ірілік тек ұлыларға ғана тән. Міне, менің ол кісіден көрген тәлім-тәрбием осындай болатын». Осы әңгімеден біз қазақ арасында сопылар арқылы тараған дәстүрлі исламдағы әйел баласының орныны байланысты қызықты ақпарат аламыз. Исламның «фундаменталистік» бағытын ұстанатындардан өзгеше, түркі халықтары, соның ішінде, қазақтар арасында әйел баласына ерекше құрметпен қарайтын ізгі дәстүрдің қалыптасуында осындай әулие-ишандардың өз жеке үлгісімен көрсеткен тәлім-тәрбиесі де маңызды болғанын көреміз.

Тараз өңірі бойынша мақалада қарастырылған келесі «әулие тұлға» – кеңес дәуірінде Талас ауданы, Майтөбе ауылында өмір сүрген, халық арасында Қожағаппар әулие атымен белгілі болған тұлға. Қасиетті саналған баба туралы жергілікті журналист Досымжан Төлеуіш былай дейді: «Жамбыл облысы ғана емес, еліміздің

төрт бұрышына бірдей есімі белгілі Қожағаппар әулиенің табиғи емшілік дарынына таң қаласың, мейірімді жаратушының қазақ баласын да кереметтен күр қол қалдырмағанын байқайсың. Бірақ оның уақытысында бағаланбайтыны бар. Қайта Қожағаппардың көріпкел емшілігі коммунистер басқарған қоғамда ол тұрған Талас ауданында басшылардың күндіз күлкісін, түнде ұйқысын қашыратын. Неге? Ел арасында ұрланған мал, қолды болған дүние-мүлік, адамдарға нақақтан жабылған жала, дәрігерлер көмектесе алмаған кесел ауру, қайдан, неден, қашан болды, дауасы не, ұры кім – осының бәрін Қожағаппар қолмен қойғандай айтып отыратын, айтқаны айдай келетін» (Төлеуіш Д. Қожағаппар // Кәсіподақ жаршысы. Облыстық газет. № 9(9). 25 желтоқсан 2008 ж. 4 б.).

Қожағаппар әулие туралы ақпаратты біз осындай жергілікті баспасөз беттерінде жарияланған өлкетанушылық материалдардан бөлек, «Қожағаппар» ауылында (әулиенің шарапатын көрген жерлестері тәуелсіздік алған жылдары ол туып-өскен ауылға әулиенің атын бергізген екен) тұратын сол жұмбақ тұлғаның ұлы – Әлменбетов Аманбек пен оның жұбайы Әлменбетова Несіпкүлден сұхбат барысында алған едік: «Біз қожа руларының бірі – Хорасан қожадан тараймыз – деп бастады әңгімесін информант (АДМ, 2023). Осы орайда, Хорасан қожалар тарихын арнайы зерттеген Сейіт-Омар Саттарұлының қожалардың бұл тармағын Түркістан жеріне «ислам аша» келген үш бабтың (Абд ул-Жалил баб, Ысқақ баб, Абд ар-Рахим баб) бірі – Абд ул-Жалил бабпен байланыстыратындығын айта кеткіміз келеді (Саттарұлы, 2007: 339).

Информант әулет шежіресін былайша тарқатты: Хорасан қожа-Шәмші Ахмет–Құрбанқожа-Қошманбет-Мұса-Әлменбет-Қожағаппар-Аманбек. Әкем Әлменбетов Қожағаппар 1914 жылы дүниеге келіп, 1987 жылы дүниеден озған. Әкеміздің алды ешқашан бос болып көрмеген, жоқ іздеген жоғын тауып, ауруына шипа іздеген шипасын тауып, сауығып кетіп жататын. Тек Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, Қырғызстан, Өзбекстан, тіпті Ресейден де келгендер болды. Мария Евтушенко деген ауруына шипа іздеп Красноярскіден келген әйел (ауруыңның емі жоқ деп ауруханадан шығарып тастаған), үйімізде бір ай жатып, әкемнің алдынан толық сауығып кетті. Әкем оны өз қызындай көріп кетті. Мария, кейінірек бірнеше жыл қатарынан (1971-1975) жаз айларында үйімізге келіп-кетіп тұрды. «Қашан мен

келмей қалсам, мені өлді деп біліңдер» дейді екен ол» (АДМ, 2023).

Халықтың өз пайымы, жадында сақталған шежіре мәліметтері әрқашан құнды. Осы орайда, әулие тұлғаның келіні берген мәліметтер де біздің зерттеуіміз үшін аса маңызды болды. «Атам қара қобызын ойнағанда, мың түрлі дыбыс қосылып, бәрі бір әуенге бағынып, сай-сүйектен өтетін әуез шығып, Қаратау қосылып үн шығарғандай болушы еді (Қожағаппардың қара шаңырағында, қазір баласы мен келіні тұрып жатқан үйде, төрті бөлмеде ілініп тұрған қобыз сұхбат алу барысында фотоға түсіріп алынды – мақала авт.). Қобыз үні мен атамның ауру кісіге бағытталатын аруақты күші және арапша дұғалық ішірткілері – бәрі де адамдарға қатты әсер ететіні сондай, бірде-бір келуші айықпай кеткен емес», – деп әулиенің қасиетіне шек келтірмейтіндігін жеткізді атаның келіні Несіпкүл Әлменбетова. Жалпы, Қожағаппардың емшілік практикасында, басқа да халық емшілері қолданатын негізгі емдеу тәсілдері – қобыз сарынымен емдеу, Құран аяттарын оқу арқылы дем салу, дұғаларды қағазға жазып, ішірткі беру және т.б. емдеу тәсілдері қолданылған.

Қожағаппар әулие туралы ақпарат берген келесі информатор – әулиенің көзін көрген, талай рет өзі емделген және балаларын емдеткен, сол Қожағаппар ауылының тұрғыны, ауылдық клуб меңгерушісі Момынкүлов Мырзахмет есімді азамат (АДМ, 2023). Сұхбат беруші Қожағаппар өзінің емшілік практикасында тамыр ұстап диагноз қоятындығын, сондай-ақ қағазға запырангүлмен ішірткі жазып, оны суға езіп науқасқа ішкізгендігін жеткізді. Жалпы, тамыр ұстау практикасы мұсылман емшілеріне қашан да тән болған. Бұл жөнінде этнограф-ғалымдардың еңбектерінде жақсы зерттелген. «Дененің ыстығы да, көңілдің күйі де тамырдың соғысына әсер етеді. Осының бәрін зерттеп, тамыр соғуының ерекшеліктерін айырып білуге дағдыланса, оның әр түрлі аурулармен тығыз байланысын тапса, тамыр ұстап, сол ауруларды ажыратуға болады. Халық емшілерінің ішінде ондайлар болған. Оларды тамыршы емші немесе тамыршы деген» (Ибадуллаева, 2019: 255). Информанттың айтуынша, әулиенің емшілігін, тіпті аудан орталығындағы Мәдуалиев, Сергей Пак сияқты жоғары білікті дәрігерлердің өзі жоғары бағалап, қасиет қонған кісіге келіп, кеңес алып отырған.

Ал, Қожағаппарға әулиелік қасиеттің қонуына келсек, бұл жайында айтылған тарих деректері былайша баяндайды. Өзінің емшілігі

мен көріпкелдігі жөнінде көп айта бермейтін Қожағаппар, тек осы бір қасиеттің бойына қалай дарығаны жөнінде ауылдасы әрі замандасы Тұсынбаев Сейілбекке қысқаша ғана айтқан екен. 1924 жылы 10 жасар Қожағаппардың екі құлағы бірдей бітіп, түк естімей қалады. Анасы ыстық түз басып емдегендей болады, оң құлағынан су ағып, естіп кетеді. Төрт жылдан соң басы ауыра бастайды. Кейін Қожағаппар бұл аурулардың сырын былайша саралаған екен: біріншісі – «саған қасиет құлағың арқылы кіреді», ал екіншісі – «бағың басыңда» деген белгі деп түйеді (Төлеуіш, 2008). Қазақ әулиесінің осы тұжырымына байланысты, сопылықты және сакралды тарихты зерттеуші ғалымдардың, мистиктердің дүниенің тылсым құбылыстарын символдар тілімен түсінетіндігі және жеткізетіндігі жайлы пікірі ойға оралады. «Символдар, немесе «күпия тіл» адамды ең жоғарғы шындықпен байланыстырады» (Шах, 1994: 202).

Жетісу өңірінің әулиелері. Қасиетті Алатау, бүкіл түркі жұртының киесіндей болған Хан тәңірі таулары орналасқан бұл өңірдің табиғатының өзі өңірдің сакралды тарихқа тұнып тұрғанынан хабар бергендей. Өңір бойынша Әлмерек абыз, Жолбарыс әулие, Ескелді әулие, Балпық әулие, Көтен тәуіп, Қарынбай әулие, Құлжабай әулие, Құртқа тәуіп, Түктібай әулие және т.б. сакралды тұлғалар жақсы белгілі. Өкінішке орай, аталмыш әулиелер арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналды дей алмаймыз, әрине. Біз де бұрынғы жарияланымдардағы мәліметтерді растай түсетін кейбір ел аузынан алынған материалдармен шектелеміз.

Жетісу өңірі әулиелері туралы шолуымызды атақты Әлмерек абыздан бастаймыз. Қазіргі Алматы қаласының жұртшылығына «Әлмерек абыз бастауы» атауымен белгілі, халық арасында Алла Тағала тарапынан әулие бабаның құрметіне сыйға берілген деп есептелетін «әулие-бастауды» қалалықтардың білмейтіні, суын ішпейтіні кемде-кем. Қаланың «Әйгерім» ықшамауданы шегінде орналасқан бастаудың басына «Әлмерек абыз қасиетті бастауы» деген жазуы бар тақтайша қойылған. Халық арасында әлі күнге дейін осылайша кең танымал болып отырған, өз заманында көсем, абыз, батыр болған Әлмерек баба, кезінде Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жасауға атсалысқан (Қасиетті Қазақстан, 2017: 255). Қазақ-жоңғар соғыстарында ерлігімен көзге түскен Әлмерек батыр, қартая бастағанда әскерге сарбаз

жаттықтырумен де айналысады. Шәкірттерінен атақты Райымбек батыр, өз немересі Саурық батыр шыққан.

Әулиені зерттеу мақсатымен мақала авторлары Алматы облысы, Талғар ауданы, Әлмерек ауылында орналасқан әулиенің кесенесіне арнайы барып, этнографиялық материалдар жинақтады. Кесене басында сұхбат алынған көптеген респонденттердің ішінде әулиенің ұрпақтарының бірі – Алматы қаласының тұрғыны Божбанова Бағлан Наурызбайқызы да бар. Ол анасы жағынан Әлмерек бабаның ұрпағы болып келетіндігін жеткізді: «Менің анам Райымбек ауданы, Кеген жақтан, елі – тоқан. Өздері руларын Әлмерек абызбен байланыстырады. Нағашыларыммен баба зиратына үнемі келіп тұрамыз. Баба зиратына келушілердің қарасы әрдайым осылай, бір үзілмейді» (АДМ, 2023). Бұл айтқандардың шындық екеніне біз өзіміз де куә болдық. Зияратшылар кесене басындағы құдықтан су ішіп, әулие бастаудың басындағы арнайы су құятын орындардан үстеріне су құйыну арқылы емделеді екен. Содан кейін шырақшысына барып, әулиеге бағыштап Құран оқытқызады. Сұхбат алынған респонденттердің бірқатары кесене басына бұған дейін де бірнеше рет келгендіктерін және қашан келсе де науқастарынан құлан-таза сауығып кететіндіктерін жеткізді. Қазіргі таңда Алматы қаласы, Әйгерім ықшамауданындағы әулие-бастау орналасқан көше әулиенің есімімен аталады.

Бүкіл Жетісуға аттары мәшһүр болған атақты Ескелді, Балпық билердің тұлғалары ежелден халық тарапынан қастерленіп келген. Ұлы жүз, Жалайыр тайпасынан тарайтын қос әулие бір заманда өмір сүрген үзеңгілес достар ғана емес, қиын-қыстау кезеңде елге қорған болып, ер атанған, бейбіт заманда халыққа келелі сөзімен, әділ билігімен еңбек сіңірген, бүкіл саналы өмірін ел қызметіне арнаған, тірі кездерінде-ақ әулие атанған тарихи тұлғалар. Ел арасында Ескелді әулие айтыпты деген мына сөз қалған: «Маған түнендер, Балпықтан тілендер» (Исмаилов, 2007: 35). Қазіргі Жетісу облысы Қаратал ауданындағы Сарыбұлақ ауылында орналасқан Ескелді-Балпық мұражайы да екі әулиенің үзеңгілес-тағдырлас болғанының куәсіндей.

Ескелді би он екі ата Жалайырдың бір тармағы Сиыршы руынан өрбиді. Ол әкесі Жылкелдіден тараған бес ұлдың үшіншісі. Жылкелдінің бәйбішесі алты Алашқа мәлім Төле бидің Ұланбике атты қызы екен. Ескелді дүниеге келіп, Жылкелді қайын атасынан

сүйінші сұратқанда, Төле би: «Тілекті Алла ескерді, Жалайыр еліне ес келді, баланың есімі Ескелді аталсын. Елінің есін жиғызып, халық қамын ойлайтын азамат болып өсер!» деп батасын беріпті (Тарихи тұлғалар, 2011: 130). Ескелдінің жастайынан зерек, тапқыр болып өсуіне әкесінің Ескелдіні бала кезінен ел билеген азаматтар, айыр тілді билер бас қосқанда қасына ертіп жүруі ықпал етсе керек. Ол есейе бастаған шағында тәжірибелі билердің өзі шеше алмаған шиеленісті дау-дамайларды асқан тапқырлықпен шешіп отырған көрінеді. Осындай бір шиеленісті дауды шеше алмай, әбден қажыған қарттар: «Қой асығы деменіз, қолға жақса сақа қой, жасы кіші деменіз, ақылы асса ата ғой» деген халқымыздың қағидалы сөзі бар емес пе деп бала Ескелдіге дауды шешуді тапсырған екен (Исмаилов, 2006: 10).

Ескелді бимен есімі қатар аталатын Жетісу өңірі әулиелерінің бірі – Балпық би Жалайыр тайпасынананың Андас руынан тарайды. Балпық жоңғар шапқыншығы кезінде өзінің аға достары Ескелді, Қабан жыраумен бірге Іле мен Қаратал арасындағы жалайыр, оған көршілес найман, суан, ысты руларының біраз бөлігін шабуыл өтінен дер кезінде әкетіп, қырылып қалудан сақтаған. Хантау мен Қаратаудан әрі асып, Сыр бойында тұрақтаған соң бірқатар жорықтарға қатысады. Дәлірек айтқанда, Аңырақай шайқасына, Аягөз бойындағы Таскескен мен бүгінгі Текелі қаласының маңындағы соғыстарға қатысқан. Ел ішінде ол әділ сөзімен жалайыр мен жаныс руларын табыстырған деген сөз қалған. Балпық – батағөй қария, ділмәр шешен ғана емес, ел басқарған – көсем де болған. Оның бойында қарапайымдылық мен даналық өзара ұштасқандығын мына жағдай көрсетеді: дүниеден өзінен бұрын өткен екі-ақ жас үлкен Ескелдіні аға тұтып, өзін жерлегенде денесін екі шақырымдай жерге төменірек қоюды аманат еткен. Балпықтың ұлы Тіленші де беделді би болған. Әкелі-балалы билердің еліне сіңірген қызметі туралы Ш.Уәлиханов, Құнанбай Өскенбайұлы жазған, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Сара Тастамбекқызы, т.б. ақындар жыр еткен. Бейіті қазіргі Үштөбе қаласының түбінде. Көксу ауданының орталығына Балпық би есімі беріліп, ескерткіш орнатылған (Тарихи тұлғалар, 2011). Авторларға 2023 ж. күзде сұхбат берген республикаға танымал халық емшісі Қарлығаш Нұрсұлтанова, өзі Қасиетті Түркістан қаласы тұрғыны, төркіні Жетісу өңірі, әулие Балпықтың ұрпақтары екенін әңгімелеп берді. «Аруақтан аян аламын» деп есептейтін

қазақ әйелі «Бәрі Алланың жазуымен болады, 37 жасымнан қатты ауырып, қиналып жүргенде Балпық бабамды түсімде көрдім. «Кел, сені өзім емдеймін!» деп аян берді, басына барып түнеп, қасиетін, шарапатын көрдім, солай емшілік жолға түстім» – дейді (АДМ, 2023).

Тағы бір «әулие» деп танылған Жетісу өңірінен шыққан тұлға – халық арасында Жалаңаш әулие, Көтен тәуіп (*Көден* болуы мүмкін деген болжамды ұсынамыз – авт.) аттарымен белгілі болған Сарқан ауданы, Көктерек ауылы, Лепсі өзенінің бойында ғұмыр кешкен адам. Ел аузында қалған аңызға сүйенсек, «әулие алты аққу ұшып шыққан жерден алынған темірден жасалған төсімен сауыт-сайман, ер қаруы – «Бес қаруды» соққан. Темірден, ағаштан түйін түйген, асқан хас шебер, ұста, зергер болыпты. Әулиенің қасиеті – төсінің киесі болған. Әулиенің түсінде Сарыарқаның төсіндегі бірінен қан, бірінен сүт шығып тұрған ағаштан киелі қобыз жасау аяны берілген. Қобыз сол сүт шығып тұрған ағаштан жасалады. Көден әулие емшілігімен, ұсталығымен, көріпкелдігімен бірге, ән-күй шығарған жырау да болған. Қобызын үлкен бір аста ат бәйгесіне қосқан деген аңыз күллі қазақ еліне тараған. Осы киелі нар қобызымен науқастарды да емдеген. Қазіргі кезде бұл қобыз Талдықорған қаласында тұратын баба ұрпақтарының үйінде сақтаулы» (Қасиетті Қазақстан, 2017).

Көден тәуіп Орта жүздің ішінде Найманнан тарайды, Найманнан Төлегетайдың төрт ұлы, олар: Қаракерей, Төртуыл, Матай және Садыр. Қасиетті баба Садырдың Шәржетімінен (Шурегеев С. Аңыз бен ақиқат. «Жетісу» облыстық газеті, желтоқсан 2006). Әрі ұста, емші, көріпкел, жырау Көденді ардақ тұтқан көпшілік оның атын тура атамай, «Жалаңаш әулие», «Көтентай ұста», «Өрістік әулие», «Өрістік баба» т.б. дәріптеп, қадір-қасиетін мойындайтынын көрсеткен (Бисұлтанұлы Б. Көтен тәуіптің емшілік дарыны. Жетісу» облыстық газеті, қараша, 2008). «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында өмір сүрген Көден тәуіп Абылай ханның әулиелерінің бірі болған деген ел аузында сөз қалған. Бір күні әйгілі Абылайхан: Дүниеде жеті әулие бар деп естігенмін, соның үшеуі менде, – дейді. «Олар кімдер» деген сауалға хан: «Біріншісі – Бұқар жырау, көмейі толған өлең-жыр. Екіншісі – Қаракерей Қабанбай, жерін жаудан қорғай білген ер. Үшіншісі – садыр Жалаңаш әулие, сөзі сырлы, емі шипалы» деп жауап қатыпты (Шурегеев, 2006).

Енді бір аңыз былай дейді: Қазақ пен жоңғар арасындағы кескілескен ұрыстардың бірінде Бөгенбай батыр жау садағы ұшындағы зәһәрдің әсерінен күп болып ісініп, жанын қоярға жер таппай безектегенде, Ер Қабанбай ел ішінде есімі белгілі бола бастаған жас тәуіп – Шәржетім ішіндегі Көтентайды шақыртып алып, айбынды серігі Бөгенбайдың жанына шипа ем жасауды өтінеді. Жас тәуіп батырды алуан түрлі шөппен емдеудің әдіс-тәсілдерін қолданып, еті адал дала жануарларының майлы сорпасын беріп, шөлдегенде шөп тамырларынан жасалған сусын ішкізіп, бірнеше апта дегенде аяғынан тұрғызады. Қолына қайта қаруын алып, атқа қонған Қанжығалы Бөгенбай туралы қуанышты хабарды естіген Абылай хан Көден тәуіптің еңбегін бағалап, оған Жетісудің шұрайлы өңірі – Лепсі мен Сарқан өзендері маңайынан таңдаған жерін ұсынады (Бисұлтанұлы, 2008). Аңыз түбі ақиқат демекші, бұл аңыздың да түбінде ақиқат жатқандығына бірқатар фактілер арқылы көз жеткіземіз: біріншіден, Көден тәуіп науқастарды Лепсі өзені бойындағы күм төбенің шығысындағы қолатта қабылдап келген, екіншіден, «Ақтабан шұбырынды» кезінде ығып Сыр бойына дейін кетіп қалған Садыр руын найманның батырлары көшіріп әкеліп, осы Лепсі өңіріне қоныстандырады, үшіншіден, 70 жасында дүниеден өткен тәуіп ата осы Лепсі жерінде жерленген (Күмісбайұлы Ш. Жалаңаш әулие Көтен тәуіп. «Қазақ елі» Республикалық газеті, қыркүйек 1997). Дүниеден өтер алдында артында қалғандарға, «Мен пәниден өгіп, бақилыққа аттансам да, Құран оқып, зиярат етіп келушілер толастамас, сірә. Сол жамғаттар үшін кесене тұрғызуларың қажет» деп өсиет айтты. Әулиенің артында қалған ұрпағы, дүйім жұрт, қонысы аралас жалпақ жатқан жалайыр, аталас ағайын туыстан матай, қаракерей, мұрын, сыбан жабылып, тәуіп ата айтқан өсиетті екі етпей, мүлтіксіз орындаған.

Көріпкел әулиенің өзі айтып кеткендей, шындығында да жыл бойы атаның басына келушілер легі бір үзілмейді. Өңірде бабаның шарапатын көргендердің әңгімесі жетерлік. Көден тәуіптің емшілік қасиеті туралы Лепсі кентінің тұрғыны Қайния Қожахметқызы былай дейді: «Тәуіп атаның басына біреу бет алып шықса, бабамыз өз шырақшысы Дәлкеш атаға (Дәулеткелді Бесбайұлы) аян беріп, ол ертенінде Тәуіп ата бейітіне қарай кететін. Бірде біздің үйге Ақсу ауылынан ауыр сырқат бір жігіт келді. Дәлкеш ата қобыз ойнап, тәуіптің басына апарып түнеткеннен кейін ол құлантаза айығып кетті. Менің де балаларым өле берген еді. Түсімде

дәу қара кісі кілең шамымды сөндіріп кететін. Оның артынан балам ауырады да, шетінейді. Содан мен бір малды сойып, Тәуіп атаға арнап шикідей таратып, бабамызға жалбарындым. Көп ұзамай Тәуіп атаны түсімде көрдім. «Балам мына омырауындағы тот басқан түйрегішті таста, мына түйрегішті жоғалтпа», – деп домалақ ақ түйрегішті берді. Содан кейін туған балаларым тұрақтады» (Күмісбайұлы, 1997). Іргелес аудан, облыстан, республикадан тыс жерлерден де киелі бейітті әдейілеп іздеп келіп, дертіне дауа тауып қайтатындар аз емес (әсіресе Ресейден келушілер өте көп). Бір сөзбен айтқанда, тірісінде халқына медеу болған әулие бабамыз, жаны сая тапқанда да ұрпағына шапағатын тигізіп жүргендей. Дәл осы фактінің өзі әулиелік – халқымыздың тарихында болған өткінші бір құбылыс емес, керісінше ол әлі күнге дейін орын алып отырған өміршең құбылыс, феномен, игі дәстүр екендігін айқын айғақтайды.

Жетісу өңірі әулиелерін зерттеу барысында анықталып, ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған әулиелердің бірі – Кеңес дәуірінде өмір сүрген, халық арасында «Қарамолда» лақап атымен белгілі болған Жұмабек есімді тұлға болып табылады. Бұл тұлға туралы ақпарат әулиенің ұлы Сәпиев Әнуар есімді замандасымыздан ауызша сұхбат барысында алынды. «Біз Алматы облысы қазіргі Райымбек ауданы, Қарасаз ауылының тумасымыз. Әкемізден үш ұл, екі қыз, бес ағайынды боламыз. Руымыз албан, албанның ішінде алжан, алжанның ішінде бәйіт, бәйіттің ішінде имаза, имазаның ішінде шақшақай боламыз» – деп тарқатты информант шежіресін (АДМ, 2023). Этнографиялық зерттеу барысында әулиенің өмірбаяны туралы анықталған мәліметтер мынадай: 1918 жылы Қарасаз жерінде дүниеге келіп, балалық шағы аштық жылдарымен тұспа-тұс келген ол, туыстарымен бірге Қытайға өтіп кеткен екен. Есейе келе, Қытайда, бір ауылда имам болып қызмет етеді, кейін 1959 жылы шекара ашылғанда елге қайта оралған. Бұрынғы Кеген ауданы, Жалаңаш ауылының Тоғызбұлақ елдімекенінде бір жылдай тұрғаннан кейін Қарасаздағы туыстары, арамызда бол деп көшіріп алған. Ауылдастарының арасында емшілік, көріпкелдік қасиеттерімен көзге түсе бастаған Жұмабекті халық осы кезден бастап «Қарамолда» деп атай бастайды. Ол колхоздың егінін егіп, суын суғарып, шөбін шауып, малын төлдетіп дегендей, сол кездегі кезең-кезеңімен келіп отыратын барлық жұмыстарына араласып, қарапайым тұрмыс кешеді.

Информанттан Қарамолданың әулиелігі жөнінде мынадай қызғылықты ақпараттар алынды: «Әкемізді аудан ғана емес, бүкіл облыс халқы түгел білетін. Кезінде ауруына шипа таппай жүргендер келіп қаралып, сауығып кетіп отырған. Ол кісі әсіресе «жын қаққан» адамдарды емдеген екен, осындай науқастарды ол үш күн немесе бір жеті оқып, жазып алатын болған. Бір жеті оқыған кезде, әдетте тоқтамай жауын жауады екен, осындайда ел, молдекең жын шығарып жатыр екен ғой деп біліп отырады екен. «Ол атеистік саясат үстем болған кенес өкіметінің кезі ғой, ауыл басшыларының кейбірі, сондай-ақ мектеп мұғалімдері күндіз келуге қорқып, түнделетіп үйімізге келіп, әкеме баларын қаратып, өздері де емделіп жүретін. Ол кісінің тәуіптігі, жалпы әулиелік қасиеті жөнінде кезінде Өтеев Жұмаш деген ауыл мектебінің мұғалімі аудандық газетке мақала да жазған» (АДМ, 2023). Ә.Сәпиевтың айтуы бойынша, ауылдың дін ұстанатын адамдары жұма намазын ауылдан біраз жерде ағып жататын Қарасу өзенінің жағасына барып, тығылып оқиды екен. «Бір күні сол Қарасудың жағасында намаз оқып отырған әкемді ауылдың парторгі, көлігімен өтіп бара жатып көріп қалып, тоқтап, әкемнің қасына келіп, неге намаз оқисың деп ұрсып, жаман сөздер айтып, балағаттайды. Парторгтің айғайынан намазы бұзылып кеткен әкем, үндемей орнынан тұрып, күбірлеп айналып кетіп қалады. Әкем, бойы таза адам болғасын ба, еш уақытта ашуланбайтын. Көлігіне отырып, кетіп қалған жаңағы парторг өзеннен үш шақырым жердегі үйіне жақындап қалғанын біледі, ары қарай қалай болғанын түсінбейді, машинасымен әкемнің қасына қайта айналып келіп қалғанын білмей қалады. Осылайша 3 рет қайталаанады. Ақырында, мына кісіге артық сөйлеп қойдым ғой деп түсініп, кешірім сұрағаннан кейін ғана үйіне аман-есен жеткен екен» (АДМ, 2023).

Сұхбат барысында халық агиологиясы бойынша жиналған ақпаратқа қарағанда, Қарамолданың бойындағы қасиет ата-бабаларынан берілген көрінеді. Қарамолданың әкесі Сәпи, кезінде ауылдың жанындағы «Жыланды» деп аталып кеткен жайлаудағы жылан ордасының тілін байлап, адамдарға зиянсыз, яғни шақпайтындай етіп қойған деген сөз ел арасында тарап кеткен екен. Ал Қарамолданың әкесінің әкесінде құрғақшылық жылдары жауын жауғыза алатын қасиет болған екен: «Ол аттың қу тезегін шиге байлап алып, айналдырып дұға оқығанда шайдай ашық аспанға лезде қап-қара бұлт үйіріліп, артынша жауын жауады екен, ал

теріс айналдырып оқығанда жауын басылып, бұлт қайта тарап кетеді екен. Бұл кісиде, сонымен бірге тәуіптік қасиет те болған және ол өзіне емделуге келе жатқан адамның (ол кездерде қазіргідей машина жоқ, қазір көлікпен бір күнде жететін жерге, ол кезде атпен 10-15 күн жүріп бір-ақ жететін болған) үйінен шыққан уақытысын және науқасынан сауығатынын немесе сауықпайтынын алдын-ала біліп отырады екен» (АДМ, 2023).

Қарамолда әулиенің емшілігімен қоса көріпкелдік қасиеті де болған деседі. Алайда, ол көңілі суып кеткен күйеулерін оқып, қайтарып беруін өтініп келетін әйелдерге, қолымнан келмейді деп шығарып салады екен. «Анама айтып отыратын әңгімесінен біз оның мұндай кері оқуды білгенін, бірақ мұндай мұсылман үшін күнә болып саналатын әрекеттерге ешқашан бармайтындығы жайлы еститінбіз, ол кісілер Алладан қорқатын таза, шынайы мұсылмандар еді ғой» – деп аяқтады информатор әңгімесін.

Сонымен, зерттеуіміз көрсеткендей, қазақ мұсылмандық дәстүрінің маңызды маркері әулие-ишандарды қастерлеу салты кейінгі кезеңге дейін, тіпті «жауыққан атеизм» саясаты үстем болған Кеңес дәуірінде де жалғасын тапқандығына көз жеткіздік. Өңірдегі діндар әулиелер қызметінің негізгі бағыттары – мешіт-медресе ашып, халықтың ағартушылығымен, рухани тәрбиесімен айналысу, емшілік, көріпкелдік және т.б. ерекше қасиеттері арқылы халыққа қызмет ету болған. Тараз, Жетісу өңірлерінің халық пір тұтқан әулиелері көп жағдайда «қожа» емес, қазақ рулары арасынан шыққандығын да байқаймыз. Сондай-ақ өңір әулиелері, негізінен, қазақ-жоңғар соғысы кезеңінде елін қорғаған батырлар, абыз-билер арасынан да шығып отырған. Әулие ретінде танылған бұл батырларға тән сипатты ерекшелік – олардың тек жаужүректігімен ғана көзге түскен «көзсіз батыр» емес, керісінше, ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен де болып, елге жан-жақты қызмет еткен және осы риясыз, адал ниеті үшін «Алла көкірек көздерін оятқан», сегіз қырлы бір сырлы тұлғалар болғандығын көреміз.

Қорытынды

Қазіргі ғылымда қазақ мұсылмандық дәстүріндегі әулие-ишандар мұрасы Орталық Азиядағы суфизм аясында аруақ (*аруах*) пен әулие (*авлия алла*) феномендеріне сену және оларды қастерлеудің жалпы мазмұнымен байланысты-

ра отыра негіздеуді қажет етеді. Тақырыпты бұрынғы кеңестік «әулие культі» (көбінесе шаманизмен, тәңіршілдікпен байланыстыратын) концептінен ажыратып, толыққанды «дәстүрлі ислам» тұжырымдамасына сай жаңа методологияны басшылыққа ала отырып қарастыруға талпыныс отандық тарихнама үшін ғылыми-теориялық жаңалық болып есептеледі.

Зерттеу барысында әулиелерді қастерлеу дәстүрі бойынша Қазақстанның өңірлерінде жинақталған авторлық материалдар ғылыми айналымға енгізілді. Материалдарға талдау жасау негізінде Тараз, Жетісу өңірлерінде, Қазақстанның басқа аймақтарындағыдай, «әулие», «қасиетті» деп халық арасында ерекше құрметке ие болған тұлғалар діни ағартушылықпен айналысып, халыққа рухани тәрбие берген ұстаздар, олардың арасында сопы-ишандар; халықтың басына күн туған қиынқыстау заманда елін қорғап ер атанған батырлар, данагөй билер, сондай-ақ бойындағы емшілік, көріпкелдік, болашақты болжау сияқты ерекше

қасиеттерімен де елге қызмет етіп, зор беделге ие болған тарихи тұлғалар болғанын көреміз.

Сонымен бірге, аталмыш өңірлерде өмір сүрген емші-тәуіптер өз емшілік практикасында таза мұсылмандық емдеу әдіс-тәсілдерімен бірге, қобыз сарынымен емдеу сияқты, түркілерге ежелден тән кейбір элементтерді де сақтап қалғандығына көз жеткіздік, мұның өзі жергілікті, «аймақтық ислам» аясындағы халықтық сенімдер кешенінің ерекшелігі ретінде қарастырылуы тиіс. Этнографиялық мәліметтер бойынша, әулиелер тек тірі кезінде ғана емес, сондай-ақ қайтыс болғаннан кейін де өз шарапатымен халыққа көмектесе алады деген сенім әлі күнге дейін халық арасында сақталып отырғаны анықталды.

Мақала АР 19675718 «Ясауи мұрасына жаңа көзқарас: қазақ дәстүрі мен Орталық Азиядағы сопылық тарихындағы әулие феноменін кешенді зерделеу» ҚР ҒжЖБМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында дайындалған.

Әдебиеттер

- Абашин С.Н. (2003). «Семь святых братьев» // Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Сост. С.Н.Абашин, В.О.Бобровников. Москва: «Восточная литература РАН». 336 с.; Абашин С.Н. (2008). Мазар Бобои-об: о типичности и нетипичности святых мест Средней Азии // Рахмат-наме: Сборник статей к 70-летию Р.Р.Рахимова / Отв. ред. М.Е. Резван. СПб.: МАЭ РАН. 488 с. – С. 5-23.
- АДМ, 2023. -Авторлардың далалық материалдары (Жамбыл, Жетісу облыстары).
- Әбдірахманов Б. (2010). Бекет-Атаның сұпылық жолы. Алматы: Нұрлы Әлем. 247 б.
- Әшімұлы Ш. (2021). Өткен әзиз әулиелер. Қызылорда: «Қызылорда-қанағаты». 500 б.
- Басилов В.Н. (1970). Культ святых в исламе. Москва: «Мысль». 144 с.
- Бобровников В. (1999). Хуштадинский зийарат // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Вып. 2. Москва. С. 99-100.
- Гольдциер И. (1938). Культ святых в исламе (Мухаммеданские эскизы). Москва: Гаиз. 180 с.
- Дастанов О. (1967). Әулиелі жерлер туралы шындық. Алматы: Қазақстан. 80 б.
- Демидов С.М. (1976). Туркменские овляды. Ашхабад: Ылым. 196 с.
- Жалалқызы Ә. (2005). Алланың ақ жолы. Алматы: «Бастау» ЖШС баспасы. 128 б.
- Жандарбек, З., Қаратышқанова Қ. (2022). Роль казахских ходжа в истории казахского народа. *Turkology*, 110 (2). С. 84–120.
- Ибадуллаева З.Ә., Сейлбекова А.Е. (2019). XIX-XX ғғ. басындағы қазақ даласындағы емшілік категориялары және емдеу тәсілдері // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №2 (93). 251-258 бб.
- Исмаилов О. (2006). Ел жүрегіндегі Ескелді би (аңыз, әңгіме, деректер). Алматы. 384 б.
- Исмаилов О. (2007). Бабамыз Балпық әулие (аңыз, әңгіме, деректер). Алматы. 356 б.
- Кенжетай Д.Т. (2018). Қазақ мұсылмандығы және оның қалыптасу алғышарттары. Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КҚ. 253 б.
- Керімбай С., Төлеген М., Нәби Ә., Тасболат А. (2017). Яссуи феномені. Отбасы хрестоматиясы. Алматы: «Орхон» баспа үйі. 456 б.
- Медеуова К.А., Сандыбаева У.М. и др. (2017) Практики и места памяти в Казахстане. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 320 с.
- Қартабаева Е.Т. (2020). Сейдәшім ишан туралы бір деректің ізімен //Қазақ тарихы. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. № 6 (183). 24-28 бб.
- Қасиетті Қазақстан. (2017). Том 1. Алматы: «Арыс» баспасы. 470 б.; Қасиетті Қазақстан. (2019). Том 3. Нұр-Сұлтан: «Туған жер» қоғамдық бірлестігі баспасы. 378 б.
- Қожа М. (2021). Святые места Южного Казахстана – Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. Шымкент: «Әзірет Сұлтан мемлекеттік мәдени-тарихи қорық-музейі». 72 б.

- Койгелдиев М.Қ. (2017). Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. Алматы: «Мектеп». 656 б.
- Қондыбай С. (2007). Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы: «Арыс». 128 б.
- Ларина Е.И. (2016). Материалы к изучению культа святых у казахов (на примере Западно-Казахстанской области) // Published in the Russian Federation Bulletin of the Kalmyk Institute for Humanities of the Russian Academy of Sciences Has been issued since 2008. Vol. 27, Is. 5, pp. 108–117.
- Маликов А.М. (2014). Ходжи Южного Казахстана: история и идентичность // Этнографическое обозрение. № 4. С.35-45.
- Мустафина Р.М. (1992). Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX – XX в.). Алматы: Қазақ университеті. 176 с.
- Мұсабаев Қ. (2012). Жылаған ата тарихи дерек шындығы // Түркология. № 5. 50-56 бб.
- Омаргазин Р.Б. (2006). Сущность духовности. Монография. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 328 с.
- Оспанұлы Е. (2019). Жалаңаяқ Әздер – Абылай ханның пірі (зерттеулер, тарихи құжаттар, аңыз-әңгімелер, фотосуреттер, әдеби шығармалар, жыр-дастандар). Алматы. 378 б.
- ӨҮА – Өзбекстан Үлттық Архиві.
- Панков И.А. (2018). Культ авлия’аллах в исламе, его генезис и эволюция // Культ Ййусуфа Хамадани в центральноазиатском исламе как социокультурный феномен. Санкт-Петербург. 252 с. – С. 38-94.
- Сакральные объекты Казахстана общенационального значения. (2017). Астана: Фолиант. 496 с.
- Саттарұлы С. (2007). Абд ул-Жалил баб. (Хорасан ата). Тарихи-құжатты танымдық кітап. Алматы: РИИЦ-Азия. 520 б.
- Сухарева О.А. (1950). К вопросу о культе мусульманских святых в Средней Азии. Труды Института истории и археологии АН УзССР. Т. II. Ташкент.
- Тарихи тұлғалар (2011). Танымдық-көпшілік басылым. Құрастырушы: Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. Алматы: «Алматыкітап баспасы».
- Тоқтарбай Е., Толымбекұлы Е. (2020). Жетісу өңірінің аңыз-әңгімелері. Тарихи-танымдық толғаныстар. Алматы: Баянжүрек. 186 б.
- Төреқожаев Е., Омартаев М. (2006). Баксайыс әулие (Камелид-дин шайық немесе Баксайыс әулие ұрпақтарының шежіресі). Алматы: Тамыр. 168 б.
- Уилбер К. (2004). Интегральная психология: Сознание, Дух, Психология, Терапия / К. Уилбер; Пер. с англ. под ред. А. Киселева. Москва «Издательство АСТ». 412 с.
- Шах И. (1994). Суфизм. Москва: «Клышников и Комаро и К□». 446 с.
- Annemarie Schimmel. (1975). *Mystical Dimensions of Islam*. – University of North Carolina Press, Chapel Hill – 506 p.
- Guénon R. (1973). *Aperçus sur l’ésotérisme islamique et le taoïsme*, Gallimard, Paris. 208 p.
- Devin DeWeese. (1994). *Islamisation and Native Religion in the Golden Horde: Baba T kles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition*.-Pennsylvania:The Pennsylvania State University. 638 p.
- DeWeese D., Gross J-A. (2018). *Sufism in Central Asia:New Perspectives on Sufi Traditions, 15th–21st Centuries*. Leiden and Boston: Brill Academic Pub. 340 p.
- Ernst Carl W. (2011). *Sufism: An Introduction to the Mystical Tradition of Islam*. Shambhala. 263 p.
- Josef W. Meri. (2002). *The Cult of Saints among Muslims and Jews in Medieval Syria*. Oxford and New York: Oxford University Press. 327 pp.
- Knysh A. (2017). *Sufism: A New History of Islamic Mysticism*. Princeton University Press. 408 p.
- Massignon L. (1922). *La passion d’al-Hosayn ibn Mansour al-Hallaj*. 1-2. Paris: Geuthner.
- Muminov A. (2017). *The Sacred Families in Central Asia between Ethnicity and Religiosity* // Sophie Roche (ed.). *The Family in Central Asia. New Perspectives*. Berlin: Claus Schwartz Verlag, , pp. 164–170.
- Necdet Tosun. (2002). *Bahaeddin Nakşbend: Hayatı, Görüşleri, Tarikatı*. İstanbul. 464 s.;
- Necdet Tosun. *Ahmed Yesevi*, Ankara: Hoca Ahmed Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yay. 2015. 312s.
- Frishkopf M. (2001). *Changing modalities in the globalization of Islamic saint veneration and mysticism: Sidi Ibrahim al-Dasuqi, Shaykh Muhammad ‘Uthman al-Burhani, and their Sufi Orders* // *Religious Studies and Theology*. Vol. 20. № 1–2. С. 5.

Информанттар тізімі:

- Информант 1: Жалалқызы Әмина, Алматы қаласының тұрғыны, зейнеткер;
- Информант 2: Қосымов Әлімхан, Шаян ауылының тұрғыны, кәсіпкер;
- Информант 3: Әлменбетов Аманбек, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қожағаппар ауылының тұрғыны, зейнеткер;
- Информант 4: Әлменбетова Несіпкүл, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қожағаппар ауылының тұрғыны, зейнеткер;
- Информант 5: Момынұл Мырзахмет, Қожағаппар ауылының тұрғыны, ауылдық клуб меңгерушісі;
- Информант 6: Божбанова Бағлан Наурызбайқызы, Алматы қаласының тұрғыны, колледж оқытушысы;
- Информант 7: Нүрсұлтанова Қарлығаш, Түркістан қаласының тұрғыны, республикаға танымал халық емшісі;
- Информант 8: Сәпиев Әнуар. – Алматы қаласының тұрғыны, кәсіпкер.

References

- Abashin S.N. (2003). «Sem' svyatykh brat'yev» [“Seven Holy Brothers”] // *Podvizhniki islama: kul't svyatykh i sufizm v Sredney Azii i na Kavkaze*. Sost. S.N.Abashin, V.O.Bobrovnikov. Moscow: «Vostochnaya literatura RAN». 336 p.; Abashin S.N. (2008). Mazar Bobi-ob: o kvalifikatsii i netipichnosti svyatykh mest Sredney Azii [Mazar Boboi-ob: about the typicality and atypicality of the holy places of Central Asia] // *Rakhmat-name: Sbornik statey k 70-letiyu R.R.Rakhimova / Otv. red. M.Ye. Rezvan.* – SPb.: MAE RAN. 488 p. PP. 5-23.
- ADM, 2023. -Field data of authors (Zhambyl, Zhetisu regions).
- Əbdirakhmanov B. (2010). Beket-Atanyñ süpylyk' zholy [Beket-Ata sufi way]. Almaty: «Nürly Əlem». 247 b.
- Əshimuly SH. (2021). Ötken əziz əuliyeler [Saints of the past]. Kyzylorda: «Kyzylorda-k'anağaty». 500 b.
- Bobrovnikov V. (1999). Khushtadinskiy ziyarat // *Islam na territorii byvshey Rossiyskoy imperii. Entsiklopedicheskiy slovar' [Khushtada ziyarat // Islam on the territory of the former Russian Empire. Encyclopedic Dictionary]*. Vyp. 2. Moscow. S. 99-100.
- Basilov V.N. (1970). Kul't svyatykh v islame [The cult of saints in Islam]. Moscow: «Mysl'». 144 s.
- Gol'dtsiyer I. (1938). Kul't svyatykh v islame (Mukhammedanskiye eskizy) [The cult of saints in Islam (Muhammadan sketches)]. Moscow: Gaiz. 180 s.
- Dastanov O. (1967). Əuliyeli zherler turaly shyndyk [The truth about holy places]. Almaty: K'azak'stan. 80 b.
- Demidov S.M. (1976). Turkmenskiye olyady [Turkmen Ovyads]. Ashkhabad: Ylym. 196 s.
- Zhalalkyzy Ə. (2005). Allanyñ ak'zholy [God's white way.]. Almaty: ZHSHS «Bastau» baspasy. 128 b.
- Zhandarbek Z., Karatyshk'anova K'. (2022). Rol' kazakhskikh khodzhi v istorii kazakhskogo naroda [The role of the Kazakh Khojas in the history of the Kazakh people]. *Tyurkologiya*, 110 (2). S. 84-120.
- Ibadullayeva Z.Ö., Dzheylbekova A.Ye. (2019). XIX-XX ğġ. basyndağy k'azak' dalasyndağy yemshilik kategoriilary zhəne yemdeu təsilderi [Categories of healing and methods of treatment in the Kazakh steppe in the 19th – early 20th centuries] // *KazUU Khabarshysy. Tarikh serii. №2 (93)*. 251-258 bb.
- Ismailov O. (2006). Yel zhüregindegi Yeskeldi bi (añyz, əñgime, derekter) [Eskeldi bi in the heart of the country (legend, story, data)]. Almaty. 384 b.
- Ismailov O. (2007). Babamyz Balpyk' əuliye (añyz, əñgime, derektor) [Our ancestor Balpyk (legend, story, data)]. Almaty. 356 b.
- Kenzhetay D.T. (2018). Kazak' müsylmandyğy zhəne onyñ k'alyptasu algyshtartary [Kazakh Islam and the prerequisites for its formation]. Astana: «Rukhani k'ündylyk'tardy k'oldau k'ory» KK. 253 b.
- Kerimbay S., Tölegen M., Nəbi Ə., Tasbolat A. (2017). Yassvui fenomenı. Otbasy khrestomatiyasy [Yassawi phenomenon. Family anthology]. Almaty: «Orkhon» baspa üyi. 456 b.
- Medeuova K.A., Sandybayeva U.M. i dr. (2017) Praktiki i mesta pamyati v Kazakhstane [Practices and places of memory in Kazakhstan]. Astana: YENU im. L.N. Gumileva. 320 s.
- Kartabayeva Ye.T. (2020). Seydashim ishan turaly bir derektiñ izimen [With the trace of one data about Seydashim Ishan] // *Kazak' tarikhy. Respublikalyk' ğylymi-ədistemelik zhurnal. № 6 (183)*. 24-28 bb.
- Kasiyetti Kazakstan [Holy Kazakhstan]. (2017). Tom 1. Almaty: «Arys» baspasy 470 b.; Kasiyetti Kazakstan. (2019). Tom 3. Nür-Sültan: «Tuğan zher» koğamdyk' birlestigi baspasy. 378 b.
- Kozha M. (2021). Svyatyte mesta Yuzhnogo Kazakhstana – Oñtüstik K'azak'stannyñ əuliye zherleri [Holy places of South Kazakhstan]. Shymkent: «Əziret Sültan memlekettik mədeni-tarikhı k'oryk'-muzeyi». 72 b.
- Koygeldiyev M.K'. (2017). Alash k'ozğalysy: Monografiya. Yeshche kitap [Alash movement: Monograph. The second book]. Almaty: Mektep. 656 b.
- Kondybay S. (2007). Mañğystau men Üstirttiñ kiyeli oryndary [Holy places of Mangistau and Ustirt]. Almaty: «Arys». 128 b.
- Larina Ye.I. (2016). Materialy k izucheniyu kul'ta svyatykh u kazakhov (na primere Zapadno-Kazakhstanskoy oblasti) [Materials for the study of the cult of saints among the Kazakhs (using the example of the West Kazakhstan region)] // *Published in the Russian Federation Bulletin of the Kalmyk Institute for Humanities of the Russian Academy of Sciences Has been issued since 2008. Vol. 27, Is. 5, pp. 108–117.*
- Malikov A.M. (2014). Khodzhi Yuzhnogo Kazakhstana: istoriya i identichnost' [Khojas of Southern Kazakhstan: history and identity] // *Etnograficheskoye obozreniye. № 4. S.35-45.*
- Mūsabayev K'. (2012). Zhylağan ata tarikhı derek shyndyğy // *Türkologiya. № 5. 50-56 bb.*
- Mustafina R.M. (1992). Predstazleniya, kul'ty, obryady u kazakhov (v kontekste bytovogo islama v Yuzhnom Kazakhstane v kontse XIX – XX v.) [Representations, cults, rituals among the Kazakhs (in the context of everyday Islam in Southern Kazakhstan at the end of the 19th – 20th centuries)]. Almaty. 176 s.
- NAU – National Archive of Uzbekistan.
- Omargazin R.B. (2006). Sushchnost' dukhovnosti [The Essence of Spirituality]. Astana: YENU im. L.N. Gumileva. 328 s.
- Ospanuly Ye. (2019). Zhalañayak' Əzder – Abylay khannyñ piri (zertteuler, tarikhı k'üzhattar, añyz-əñgimeler, fotosuretter, ədebi shyğarmalar, zhyr-dastandar) [Barefoot Azder – Abylai Khan's pir (researches, historical documents, legends, photographs, literary works, poems)]. Almaty. 378 b.
- Pankov I.A. (2018). Kul't avliya' allakh v islame, yego genesis i evolyutsiya // *Kul't Yusufa Khamadani v tsentral'noaziatskom islame kak sotsiokul'turnyy fenomen [The cult of auliya' allah in islam, ego genesis and evolution // The cult of Yusuf Hamadani in Central Asian Islam as a sociocultural phenomenon]*. Sankt-Peterburg, 252 s. – S. 38-94.
- Sakral'nyye ob'yekty Kazakhstana obshchenatsional'nogo znacheniya [Sacred objects of national significance in Kazakhstan]. (2017). Astana: Foliant. 496 s.

- Sattarūly S. (2007). Abd ul-Zhalil bab. (Khorasan ata). Tarikhi-k`ūzhatty tanymdyk` kitap [Abd ul-Jalil bab. (Grandfather Khorasan). Historical-documentary book]. Almaty: RIITS-Aziya. 520 b.
- Sukhareva O.A. (1950). K voprosu o kul'te musul'manskikh svyatykh v Sredny Azii [Questions about the cult of Muslim saints in Central Asia. Trudy Instuta Istorii I arheologii AN UzSSR. T II. Tashkent.
- Tarikhi tūlgalar (2011). Tanymdyk`-kōpshilik basylym. K`ūrastyrushy: B.Toğysbayev, A. Suzhikova. Almaty: «Almatykitap baspasy».
- Toktarbay Ye., Tolymbekūly Ye. (2020). Zhetisu ōñiriniñ aňyz-ōñgimeleri. Tarikhi-tanymdyk` tolğanystar [Legends of Zhetysu region. Historical and cognitive concerns]. Almaty: Bayanzhūrek. 186 b.
- Tōrekozhayev Ye., Omartayev M. (2006). Bak'sayys әулије (Kamelid-din shayyk` nemese Bak'sayys әулије ūrpaq`tarynyñ shezhiresi) [Saint Baksayis (Kamelid-din Shayik or genealogy of descendants of Saint Baksayis)]. – Almaty: Tamyr. 168 b.
- Uilber K. (2004). Integral'naya psikhologiya: Soznaniye, Dukh, Psikhologiya, Terapiya / K. Uilber; Per. s angl. pod red. A. Kiseleva [Integral psychology: Consciousness, Spirit, Psychology, Therapy / K. Wilbur; tr. Eng. under ed. A. Kiseleva.]. Moscow: «Izdatel'stvo ACT». 412 s.
- Shakh I. (1994). Sufizm [Sufism]. Moscow: «Klyshnikov i Komaro i K□». 446 s.
- Annemarie Schimmel. (1975). Mystical Dimensions of Islam. – University of North Carolina Press, Chapel Hill – 506 p.
- Guénon R. (1973). Aperçus sur l'ésotérisme islamique et le taoïsme, Gallimard, Paris. 208 p.
- Devin DeWeese. (1994). Islamisation and Native Religion in the Golden Horde: Baba T kles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition.-Pennsylvania:The Pennsylvania State University. 638 p.
- DeWeese D., Gross J-A. (2018). Sufism in Central Asia:New Perspectives on Sufi Traditions, 15th–21st Centuries. Leiden and Boston: Brill Academic Pub. 340 p.
- Ernst Carl W. (2011). Sufism: An Introduction to the Mystical Tradition of Islam. Shambhala. 263 p.
- Josef W. Meri. (2002). The Cult of Saints among Muslims and Jews in Medieval Syria. Oxford and New York: Oxford University Press. 327 pp.
- Knysh A. (2017). Sufism: A New History of Islamic Mysticism. Princeton University Press. 408 p.
- Massignon L. (1922). La passion d'al-Hosayn ibn Mansour al-Hallaj. 1-2. Paris: Geuthner.
- Muminov A. (2017). The Sacred Families in Central Asia between Ethnicity and Religiosity // Sophie Roche (ed.). The Family in Central Asia. New Perspectives. Berlin: Claus Schwartz Verlag, , pp. 164–170.
- Necdet Tosun. (2002). Bahaeddin Nakşband: Hayati, Görüşleri, Tarikati. İstanbul. 464 s.;
- Necdet Tosun. Ahmed Yesevi, Ankara: Hoca Ahmed Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yay. 2015. 312s.
- Frishkopf M. (2001). Changing modalities in the globalization of Islamic saint veneration and mysticism: Sidi Ibrahim al-Dasuqi, Shaykh Muhammad 'Uthman al-Burhani, and their Sufi Orders // Religious Studies and Theology. Vol. 20. № 1–2. С. 5.

List of informants:

- Informant 1: Jalalovna Amina, resident of Almaty, retired;
- Informant 2: Alimkhan Kosymov, resident of Shayan village, businessman;
- Informant 3: Almenbetov Amanbek, resident of Kozhagappar village, Talas district, Zhambyl region, retired;
- Informant 4: Almenbetova Nesipkul, resident of Kozhagappar village, Talas district, Zhambyl region, retired;
- Informant 5: Momyunkul Myrzakhmet, a resident of the village of Kozhagappar, head of the village club;
- Informant 6: Bozhbanova Baglan Nauryzbayovna, resident of Almaty, college teacher;
- Informant 7: Nursultanova Karlygash, a resident of Turkistan, a folk healer known in the republic;
- Informant 8: Sapiev Anwar. – resident of Almaty, businessman.

Авторлар туралы мәлімет:

- Қартабаева Ерке Тамабекқызы – т.ғ.к., профессор, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. E-mail: erke_66@mail.ru
- Нұртазина Назира Даутбековна – т.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Қазақстан тарихы кафедрасы, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. E-mail: nazira.nurtazina@mail.ru
- Қасымбек Маржан Әмірқызы – докторант, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. E-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

Сведения об авторах:

- Қартабаева Ерке Тамабековна – к.и.н., профессор, кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. Аль-Фараби. E-mail: erke_66@mail.ru
- Нуртазина Назира Даутбековна – д.и.н., ассоц. Профессор, кафедра истории Казахстана, КазНУ им. Аль-Фараби. E-mail: nazira.nurtazina@mail.ru
- Касимбек Маржан Амировна – докторант, кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. Аль-Фараби. E-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

Поступило: 09.12.2023

Принято: 16.02.2024